Әділет

# Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерісті бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 13 қазан N 393. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қараша N 1295 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 380 (V032589) қаулысымен.

Кредиттік серіктестіктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгеріс бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерісті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгерісті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және кредиттік серіктестіктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 13 қазандағы

N 393 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктер туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгеріс**

- 6-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ жарғылық капиталының елу проценттен астамы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар мемлекеттің уәкілеттік берілген органының келісімі болғанда ғана ауылдық кредиттік серіктестіктердің қатысушысы бола алады."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК